



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар

Harvest Agro агроиндустриалды кластері: алғашқы кезең іске қосылды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен келіп, Harvest Agro компаниясының агроиндустриалды кластерін құру жобасының бірінші кезеңін іске қосу және алғашқы дән себу рәсіміне қатысты. Оған Harvest Kazakhstan серіктестігінің бас директоры Дәулет Увашев, Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейілбек Нұрымбетов, Жамбыл, Түркістан облыстарынан арнайы делегация, аудан әкімдері мен өңірлік қаржы және даму институттарының, шаруашылық құрылымдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары келді.



болып, зор үлес қосқан инвесторларға тағы да шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектеспіз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Рәсімде облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Harvest Agro серіктестігінің басшысы Дәулет Нұрланұлы сөз сөйлеп, ел ағасы Бигали Әбдікерұлы батасын берді. Сондай-ақ Агроиндустриалды кластер құру жұмыстарын сапалы жүргізіп, жобаның жүзеге асуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Айтпа кету керек, жобаның бірінші кезеңінде 8,7 мың гектар суармалы жерге

жүгері, екінші кезеңінде 32 мың гектарға жүгері, соя, техникалық қарасора егіліп, 68 млрд теңгеден астам қаржыға дақылдарды терең өңдейтін жаңа өндіріс орны ашылды. Зауыт заманауи жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, 140 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Жоба ауыл шаруашылығын дамытуға, суармалы жер көлемін ұлғайтуға және өңделген өнім экспортын арттыруға бағытталған. Қазір 30 мың гектар жер игерілуде, ал алдағы уақытта бұл көрсеткішті 300 мың гектарға жеткізу жоспарланған. Егін өсірумен қатар, өнімді өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізу біртұтас жүйе ретінде дамытылады.

Бүгінде негізгі инфрақұрылым жұмыстары қарқын алған. Қараөзектен суару арналары тартылып, 142 жаңбырлатқыш қондырғы орнатылуда. Бұл су ресурстарын 30 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Егіс алқаптарын бақылау және басқару үшін цифрлық жүйелер, жасанды интеллект элементтері енгізілуде. Алғашқы кезеңде 80 мың тоннаға дейін жүгері өнімін алу жоспарланған. Бұл – елімізде ірі агроөнеркәсіптік кластер қалыптастыруға бағытталған маңызды жобаның бірі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кәсіпкер келіншек

Атакәсіпті қолға алған

Далдабай ауылына тілшілік тірлікпен барғанда жергілікті халықтың бірінен мұнда атакәсіпті жандандырып отырған кәсіпкер келіншектің барын құлағымыз шалып қалды. Кәсіпкермен байланысып, газетке шығаруға келісім алған соң үйіне қарай бет алып, сұхбаттасуға асықтық.



Ауласының есігінен еңсеміз енгеннен жылы жүзбен қарсы алған кейіпкеріміз өте қоңақжай екен. Біз көлем дегенше самаурынды қайнатып, дастарқанна түрлі тәттіні жиып үлгерген. «Әуелі астан ауыз тиіңдер» деп төрін ұсынған кейіпкерімізбен дастарқан басында емен-жарқын әңгіме айтып, кәсібінің тынысымен таныстық.

Аядай ғана ауылда өз кәсібін жүргізіп отырған Оразкүл Жақапбаева 24 жыл бұрын атакәсіпті қолға алған. Себебі ол «төрт түлік мал – ауыл тіршілігінің ажырамас бөлігі» дейді. Бүгінде өз қаражаты есебінен кәсіп бастаған кейіпкеріміздің таңдауы төрт түліктің ішінде сиырға түскен Ауласындағы қораға 11 бас сиыр байлаған ол ауыл тұрғындарын ағарған өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпкер келіншектің күнделікті жұмысы таңертен 5-те қорасындағы 11 сиырды сауумен басталады. Ол әрқайсысын күтіп-балтап, жем-шөбін беріп, тазалығына да ерекше мән береді. Алған сүттен тұрғындарына айран, қатық ұйытып, күрт пен сары май, ірімшік істеп сатады.

Бұл кәсіпті көзінде ата-енем бастап берген болатын. Яғни жолдасым әкеуіміз қарашырақтан бөлек шыққанда ата-енем 2 бас бұзаулы сиыр беріп, екіншісізді бөліп берді. Бүгінде төрт түліктің басын 11-ге жеткізіп, содан ет, сүт өнімдерін көбейтіп отырмын. Ауылда сүт өнімдеріне сұраныс жоғары. Сиырларды күнделікті бір мезгіл сауып, олардан 25 литрдей сүт алып отырмын. Жергілікті тұрғындарды сүт, айран, қатық, сары май, күрт пен ірімшікпен қамтамасыз етемін. Одан бөлек, көршілес ауылдар мен қалалардан да өнімдеріме арнайы тапсырыс беретін тұрақты тұтынушыларым бар. Сүт пен айран, қатықты күнделікті тапсырыс арқылы дайындап қоямын. Ал күрт пен ірімшік, сары майға алдын ала тапсырыс

қабылдаймын. Облыс орталығында тұратын тұтынушыларым көбіне күрт пен ірімшік алады. Қолымнан келгенше ата-баба кәсібін жалғастырамын. Себебі Зеңгі баба түлігін өсіру ешқашан сұраныстан шықпай, үнемі өнім беретін кәсіп түрі. – дейді кейіпкеріміз Оразкүл Әшірбекқызы. Иә, расымен де ауылда табиғи өнімге сұраныс жоғары. Сондықтан болар кейіпкеріміздің еңбегі ақталып, кішігірім кәсібі тұрақты табыс көзіне айналған. Бүгінгі кейіпкеріміздің тындырымын тірлігін өз көзімізбен көріп, ата кәсіпті жандандырып отырған атамның риза болдық. Бала-шағасының нәсібін төрт түліктен айырып, қанатын кеңге жаюды көздеген оның мақсаты айқын.

Кейіпкеріміз өзі ауылдың қызы, әрі кішкентайынан малға қарап өскендіктен ата кәсіпті қолға алу аса қиынға соқпағанын айтады. Оған бүгінде ержеткен ұлдары мен жолдасы жәрдем беруде. Ол малға керекті жем-шөпті көбіне Бұқарбай батыр ауылынан алдырып тұрады. Өздерінің білетіндей, жыл сайын мал азығы қымбаттауда. Әйтсе де бұған кейіпкеріміз еңсесін түсірмей, керісінше кәсібінің жұмысын ширатып, табыс тайқазанын арттыруда.

– Мен Оразкүлдің тұрақты тұтынушысының бірімін. Күнделікті балғын қою сүтімен ара-тұра сары май, күрт алып тұрамын. Ешқандай қоспасыз, таза жасайтындықтан Оразкүлдің өнімі отбасымызға, ауыл тұрғындарына қатты ұнайды. Бағасы да қалтаға қонымды. Жыл он екі ай бойы сүтін, қыста құртың, жазда айранын алып тұрамын. Сырттан жақын ағайындарымыз үйге келгенде ауылдың дәмін сағынған болар деп, Оразкүлге күрт пен сары майына, ірімшігіне тапсырыс беріп, ағайындарымызға беріп жіберуді әдетке айналдырғанмыз. – дейді ауыл тұрғыны Нұрсұлтан Төлепбергекқызы.

Айтпа кетейік, кейіпкеріміз Оразкүл Әшірбекқызы атакәсіпті жалғастырып қана қоймай, қолөнерді де жаңғыртып жүр. Күнделікті сиыр сауып, сүт өнімдерін дайындаумен қатар, қолы қалт етіп босай қалса құрақ құрау ісімен де айналысады. Айтқанда ол бұл өнерді 20 жасында ауылға келін болып түскенде енесінен үйреніп, содан бері жанына серік етіп жүр. Кейіпкеріміз бүгінде ши құрақтық шебері. Мата қиындылары арқылы көрпешеге жұпныздың, және екі адамның бір-бірімен амандасып жатқанын бейнелейтін суреттерді құрау арқылы түрлі құрақ көрпешелер құрайды.

Сезім НҰР

Ел жаңалықтары

Қазақстанда қарызы бар азаматтардың банк шоттарын толық бұғаттау тәжірибесі өзгереді. Бұдан былай шотқа толық тыйым салынбай, тек берешек сомасы шегінде ғана шектеу қойылады. Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков жаңа өзгерістерді түсіндірді.

Борышкерлер банк шоттары толық бұғатталмайды



Оның айтуынша, бұған дейін азаматтардың белгілі бір қарызы, мысалы, айыппұл болған жағдайда банктер бүкіл шотты бұғаттап келген. Енді бұл тәртіп қайта қаралып, жеке сот орындаушысы тек қарыз сомасына ғана шектеу қоя алады. – Азаматтардың бүкіл шоты бұдан былай бұғатталмайды. Біз бұл жүйені банктермен бірлесіп жетілдіріп жатырмыз, тиісті хаттар жолданды. Жақын уақытта бұл тетік іске қосылады, – деді вице-министр.

Айтпа кетейік, бұл норма 2023 жылдан бері талқыланып келген. Сонымен қатар бұған дейін азаматтардың салық бойынша 86,5 мың теңгеден асатын берешегі болса, шоттарына шектеу қойылатыны хабарланған еді.

«Сергек» күмәнді әрекеттерді автоматты түрде тіркейді



«Сергек» камералары енді жол ережесін бұзғандарды ғана емес, қоғамдық орындардағы күдікті жағдайларды да тіркей алады. Егер камера қалыпты жағдайдан тыс немесе күдік тудыратын көріністі тіркесе, сигнал бірден Жедел әрекет ету орталығына жіберіледі. Осыдан кейін полиция жанжал ұшығып кетпей тұрып араласуға мүмкіндік алады.

– Мұндағы логика қарапайым, агрессия көбіне сөзден емес, әрекеттен басталады. Ол жанжалдың төбелеске ұласуына, адамдардың күрт жиналуына, кадрда қарудың пайда болуына немесе көпшілік арасындағы шиеленістен байқалады. Дәл осындай жағдайлар нақты қауіп төндіреді және оларды Sergek VMS бейнебақылау мен мінез-құлықты талдау жүйесі тіркейді, – деп түсіндірді Sergek Group өкілдері.

Айтпа кетейік, бұған дейін Мәжілісте қоғамдық орындарда агрессивті мінез-құлықты анықтау үшін «Сергек» жүйесін пайдалану ұсынылған болатын.

Ана өлімі 35 пайыз төмендеді

Қазақстанда соңғы бес жылда ана өлімі 35 пайыз төмендеді. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Астанада өткен халықаралық сессияда мәлімдеді. Министрдің айтуынша, аталған кезеңде ана мен бала денсаулығының негізгі көрсеткіштері айтарлықтай жақсарған. Сондай-ақ нәресте және перинаталдық өлім деңгейі де төмендеген. Бұл нәтижелер денсаулық сақтау жүйесіндегі реформалар мен заманауи медициналық стандарттарды енгізудің жемісі ретінде бағаланып отыр.



Ақмарал Әлназарова климат өзгерісінің денсаулыққа әсері күшейіп келе жатқанын атап өтті. Сөзінше, бұл фактор демографиялық үдерістерге және медицина жүйесінің тұрақтылығына ықпал етуде. Температураның кетерілуі мен экологиялық өзгерістер инфекциялық және жүрек-қан тамыр ауруларының қауіпін арттырып, әйелдердің репродуктивтік денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

Елімізде ана мен бала денсаулығын қорғау бағытында бір-қатар жоба жүзеге асуда. «Аналар саулығы» бағдарламасы аясында жүкті әйелдерді ерте бақылауға алу күшейтілген. Қазір жүкті әйелдердің 90 пайыздан астамы 12 аптаға дейін есепке алынады. Бұдан бөлек «Бір күндік клиника» жобасы енгізіліп, туа біткен ақаулар мен хромосомалық патологиялар қаупін дер кезінде анықтауға мүмкіндік беруде. Жоба аясында әйелдер қысқа уақытта толық тексеруден өтіп, қажетті кеңес алады. Сондай-ақ жасөспірімдердің репродуктивтік және психикалық денсаулығына қатысты алдын алу және кеңес беру жұмыстарын жүргізетін жастар денсаулық орталықтары жұмыс істеуде.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Мәселе

45 мыңнан астам жұп ажырасқан

Елімізде жыл сайын 40 мың ерлі-зайыпты ажырасады. Бұл әрбір үшінші неке сәтсіз аяқталатынын білдіреді. Шаңырақ шайқалмас үшін әлеуметтік жоба қолға алынды. Нақтырақ айтсақ, соттардың жанынан арнайы татуласу орталықтары ашылып жатыр. Мұнда ажырасуға арыз берген жұп сотқа бармай тұрып, медиаторлар мен психологтардан кеңес алады. Бүгінде арнайы мамандардың көмегіне жүгінген жұптардың 25 пайызы сотқа жетпей, отбасын сақтап қалған.

Шаңырақ көтеру емес, шайқалу көбейген



Шаңырақ шайқалмасын десек...

Елімізде отбасын құруға ниетті жастар қатары азайған. Былтыр Қазақстанда 114 жарым мыңға жуық неке тіркелген, алайда бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 7 пайыз төмен. Ал ажырасу керісінше көбейіп барады. Мәселен, былтыр елімізде 45 мыңға жуық отбасының шаңырағы шайқалған. Олардың 34 мыңы қалалық, 12 мыңға жуығы ауылдық жерде тіркелген. Ең көп ажырасқандар Астана, Алматы, Қарағанды облысының тұрғындары. Ал ажырасу деңгейі ең төмен – Түркістан облысы. Ажырасқан жұптардың арасында некесін бұзағандар көбіне 1 мен 4 жыл аралығында тұрған жаңаулар.

Ауданда 11 шаңырақ шайқалды

Соңғы жылдары елімізде жастар арасында ажырасу белең алғаны жасырын емес. Жиі еститініміз сонша тіпті таңқалмайтын күйге жеттік. Мәселен, жыл басынан бері ауданда 15 жұп отау тігіп, жаңа өмірге қадам басты. Алайда екініңше орай 11 отбасының іргесі сөгілді. Ал былтыр 111 жас отбасын құруға ниет білдіріп, заңды түрде ерлі-зайыпты атанған. Алайда аудандық сот төрағасының сөзінше, былтыр қантар мен желтоқсан айы аралығында 23 ерлі-зайыпты отбасын сақтай алмай, ажырасуға бел буған.

Сот төрағасының айтуынша, некені бұзуға арызданатындардың көбі жастар және олардың басым бөлігінің көмелет жасына толмаған балалары бар. Сотта ажырасушылардың әрқайсысы өртүрлі себептерді алға тартады. Некені бұзу туралы азаматтық істі қараған судья ерлі-зайыптыларды татуластыруға, заңды некені сақтап қалуға тырысады. Ашу

үстінде асығыс шешім қабылдау үшін заң аясында ойлануға мерзім беріледі. Салдарынан асығыс шешімдердің үлесі көбейіп, шайқалған шаңырақтар саны артқан. Ерлі-зайыптылардың екі жаққа кетуіне көбіне ішкілік пен ер адамдардың зиянды әрекеттеріне тәуелді болуы сеп болған. Мұнан бөлек отбасындағы озбырлық та талай шаңырақтың шырқын бұзған. Мәселен, соңғы жылдары елімізде ажырасу себептерінің басым бөлігі отбасындағы зорлық-зомбылық пен көзге шеп салу, лудомания салдарынан болған.

Психологтар мен сарапшы мамандар елімізде ажырасу санының азаймай тұрғанын айтып дабыл қағуда. Мамандар ажырасудың жиілеуіне өртүрлі себептер әсер ететінін алға тартады. Мәселен, жастардың отбасылық өмірге дайын болмауы, өзара түсіністіктің жоқтығы, қаржылық қиындықтар мен кеңесіз келіспеушіліктер сеп болған. Бұрынғы буын барынша отбасын сақтап қалуға тырысып, «бала үшін шыдау керек» деп өз-өздерін қамшыласа, қазіргі жастар арасында жеке басының бақытын таңдағандар көбейген. Сондықтан «шаңырақ шайқалмасын десек» ең алдымен ажырасудың алдын алу үшін берік отбасының іргетасын дұрыс қалаған жөн. Көп жағдайда жастар отбасылық өмірдің жауапкершілігін толық сезінбей жатып үйленуге асығады. Осы ретте «Үйлену оңай, үй болу қиын» екенін естен шығармаған жөн. Себебі неке тек махаббатты ғана емес, оны өміршен ету үшін еңбек пен түсіністікті, сабырлықты талап етеді.

Мақаламызға қоғамда жиі қозғалатын тақырыпты арқау ете отырып «Ажырасудың алдын алуда қайтпек керек?» деген сұраққа жарты гасырға жуық бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр көшіп отырған қариялардан жауап із-

деп көрдік. Осы ретте Ақсу ауылының тұрғындары Бақытжан Қалпанов пен Фарида Дүйсенбаева 50 жылға жуық некенің сыйрмен бөлісіп, жастарға ақыл кеңесін айтты.

– Отбасының беріктігі тек махаббатта емес, сабыр мен сыйластыққа байланысты. Қазіргі жастар тез әрі ерте шешім қабылдайды. Кеше ғана үйлене салып, бүгін екі жаққа кетіп жатқан жастар жоқ емес. Себебі олар кішкене реніштің өзін үлкен дауға айналдырып жібереді. Отбасы боламыз деп нақты шешім қабылдағаннан кейін қандай қиындық болса да бірге еңсерген жөн. Бір-бірін тыңдап, түсінісіп, кешірімді болу арқылы отбасының іргетасы берік болмақ, – дейді Бақытжан Қалпанов.

Түйін: Қазыналы қарттарымыздың сөзінші жаны бар. Түсіністік, сабыр, мейірім мен кешірім – кез келген отбасының алтын дінгеі. Осы асыл қасиеттерді берік ұстау арқылы шаңырақты сақтай аламыз. Кез келген адамның бұл өмірдегі басты міндеті – отбасын құрып, артында саналы ұрпақ қалдыру. Ал біздің міндет – мақала арқылы қоғамдағы өзекті тақырыпты көтеріп, оқырманға ой салу. Түптің түбінде соңғы шешімді қабылдайтын өзіміз. Десе де ажырасу мәселесіне келгенде асығыстық танытпай, саналы түрде шешім қабылдаған жөн. Себебі ажырасу екі адамның ортақ шешімімен қабылдағанымен, тігізер зияны қоғамға да ортадағы балаға да орасан. Сондықтан бала болашағына бейжай қарамай, ауызбіршілік пен татулықтан ажырамау керек.

Брифинг

Облыс бойынша жыл басынан бері Шиелі, Сырдария аудандарында Конго-Қырым гемаррагиялық қызбасы ауруына күдікті 2 жағдай орын алған. Ал Жалағаш ауданында, тарқатып айтсақ, кент, Есет батыр, Ақсу және М.Шәменов ауылдарында кене шағудың 12 жағдайы тіркелген, яғни жыл басынан бері кененің адамға шабуылдауынан ауданда 12 адам медициналық көмекке жүгінген. Бұл туралы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова БАҚ өкілдерімен өткен брифингте баяндады.



12 адамды кене шаққан

Спикер жыл басынан бері ҚР СЭБ «ҰСО» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиялының Жалағаш аудандық бөлімшесінің бактериологиялық зертханасына барлығы 1286 кене, оның ішінде 463 кене қолайсыз елді мекендерден жинақталып, барлық жинақталған кене ҚР СЭБ «ҰСО» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиялының зертханасына Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының вирусын зерттеуге жіберілгенін айтады.

Ауданда Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына Аққұм, Мәдениет, Далдабай елді мекендері қолайсыз болып табылады. Оның ішінде Аққұм, Мәдениет елді мекендерінен адам ауырса, Далдабай елді мекенінде ҚКҰҚ ауруының вирусын тасымалдаушы кене анықталған. Бүгінге дейін жиналған микод кенелер саны – 1286, оның ішінде қолайсыз елді мекендерден жиналғаны – 463.

Брифинг барысында спикер қолайсыз болып табылатын елді мекендерге залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі қажеттігін тілге тиек етті. Қазіргі таңда тек Далдабай елді мекенінде залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу басталған. Десе де Далдабай ауылындағы кейбір үйлердің ауалары мен мал қораларының көң-қидан санитарлық қорғаныш аймағындағы үйінді қоқыстардан, өздігінен пайда болған қоқыс үйінділерінен тазартылмауы, мал тоғыту ваннасының дайын болмауы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуге кері әсерін тигізіп жатқанын жасырмады.

Гүлзираш Айымбетова былтыр кененің адамдарға шабуылдауынан 96 адам медициналық көмекке жүгінгенін айтады. Оның 67-сі кент тұрғындарының үлесінде, ал қалған 29-ы ауылдық округ тұрғындарына тиесілі. Тарқатып айтсақ, былтыр Есет батыр ауылында 7, Ақсу ауылында 6, Таңда 5, ал Мәдениет, Аққұм, Еңбек, М.Шәменов ауылында 2 жағдайдан тіркелген. Мұнан бөлек Жаңаталап, Бұқарбай батыр және Қаракеткен ауылында 1 жағдайдан анықталған. Айта кетейік, кене шаққан 96 тұрғынның 37-сі – 14 жасқа дейінгі бала. Сондай-ақ былтыр 8 елді мекен қолайсыз деп танылған.

Ал Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша Аққұм және Мәдениет ауылынан 2 жағдай тіркелген. Қазіргі таңда Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы сенімді әрі тиімді вакцина жоқ. Сондықтан спикер әрбір адам өзін аса қауіпті вирустан сақтау үшін бірқатар ережені қатаң сақтау керектігін қаперге салды.

– Табиғат аясынан оралғаннан кейін киімді және денені толықтай қарап шығу керек. Үй жануарларынан кенелерді жинаған кезде қолғап кию маңызды. Денені кенені байқаған кезде дереу емдеу мекемесінің көмегіне жүгінген абзал. Жалпы кене денеге қадалған кезде оны жылдам алу үшін өсімдік майын тамызып, 15-20 минут өткеннен кейін оны жіптен жасалған ілмектің көмегімен әрі-бері қозғалтып, абайлап алып тастаған жөн. Өсімдік майы кененің тыныс алу жолдарын бітеп, оның жылдам алынуына көмектеседі. Сондай-ақ кененің орнын йод ерітіндісімен немесе спиртпен залалсыздандыру керек. Кенені алып тастағаннан кейін 14 күн ішінде өз денсаулығын жіті бақылап, нашар сезінген жағдайда дерігерге қаралу қажет. Себебі кенені жұлу өте қауіпті. Жұлу кезінде кене басы теріде қалып кетсе, улы сөлі адам ағзасына тарала береді. Кене шаққанда ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл дерттің қауіптілігі сол, осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, дерттің жұғуына себеп болады. Күнделікті өмірде қарапайым ережелерді сақтай отырып, қауіпті вирустың алдын алуға болады, – дейді ол.

Спикердің сөзінше, кенелер шағу кезінде сілекей бездері арқылы адамның қанына вирус енгізеді. Салдарынан адамдарды аса қауіпті Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына шалдықтырады. Сол үшін ол тұрғындарға дөңдегі кенені жалаңаш қолмен алуға, өзуге, малдың жүнін қырыққанда қолғапсыз жұмыс жасауға болмайтынын қаперге салды. Ол тілшілердің «Кенені қалай қорғану керек?» деген сұрағын да жауапсыз қалдырмады. Гүлзираш Айымбетова кенені денеге жолалтпас үшін міндетті түрде арнаулы киім кию керектігін немесе кененің жабықсаны анық көрініп тұруы үшін ашық түсті киім кию қажет екенін айтты.

Айта кетейік, кененің адамдарға ең көп шабуыл жасайтын уақыты таңғы сағат 08-бен 11-ге дейін және кешкі сағат 17.00 мен 20.00-дің аралығы. Күн ыстықта сағат 11-ден 17.00-ге дейін олардың белсенділігі төмендей бастайды.

Спикер көбіне ауру маусымдық мезгілдерге байланысты, әсіресе мамыр мен тамыз айларында көп кездесетінін жасырмады. Сондықтан көктем келсе де күтініп, қауіпті алдын алған жөн. Қоғамда өзекті мәселеге айналған дертке тосқауыл қоюдың төте әрі тиімді жолы осы. Бүгінгі брифингтен түйгеніміз де сол.

Бетті дайындаған Сәзім НҰР

Тағылым

Еңбек жолы – елге үлгі

Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйінде «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының «Жанұя шуағы» жобасы аясында ауыл тұрғыны Тұрсынғали Талқанбаев пен жары Қуанышқұл Жұмабекованың қатысуымен тағылымды кездесу кеші өтті. Шараның басты мақсаты – жастарға еңбекқорлықты насихаттау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу мен ел дамуына сүбелі үлес қосқан ардагерлердің еңбек жолын үлгі ету.



Кеш барысында ел еңсесін тіктеуде ұзақ жыл бойы ел игілігі үшін ерен еңбек еткен ардагерлер өздерінің жүріп өткен жолы арқылы өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Олар қатысушыларға қиындыққа мойымай, адал еңбек еткенде ғана үлкен жетістікке жетіп, еңбегінің жемісін көретінін тілге тиек етті.

Тұрсынғали ата ауылда 33 жыл бойы механик болып қызмет етіп, адал еңбек еткен. Ол ұзақ жыл бойы техника тілін жетік меңгеріп, түрлі көліктер мен жабдықтардың ақауын жөндеген. Өзі ісіне адал жауапкершілігі жоғары маман ретінде өріпестері арасында үлкен құрметке ие болып, ізінен өрген талай жас маманмен өз тәжірибесімен бөліскен. Оның әр бұраған бұрандасында адалдық, әр жөндеген техникасында табандылықтың ізі бар. Кездесу барысында кейіпкеріміз 33 жылды артқа тастап, жастарды еңбек етуден қашпауға шақырды.

– Мен еңбекке ерте араластым. Ол кезде техника қазіргідей дамымаған. Десе де жұмысқа деген жауапкершілік пен еңбекқорлықты бәрінен жоғары қойдық. Кез келген жас маман басталқыда қателесіп барып үйренеді. Кейін тәжірибе жинап, білікті маманға айналды. Мен де осы жолдардан сүрінбей өттім. Қандайда бір ақау байқасақ, дер кезінде анықтап, техниканың тоқтаусыз жұмыс

істеуіне кішкене болса да өз үлесімді қостық. Техника жиі бұзылған сәттерде қанша шаршасақ та «жұмысты соңына дейін жеткізу керек» деген мойнымызда үлкен жауапкершілік тұрды. Соның нәтижесінде үлкен тәжірибе жинап, ізмізден өрген жастарға үлгі-өнеге бола білдік. Барлық жұмысты өзіміз қиыншылық болады. Қазіргі жастар жұмыс таңдап, кей жұмысты ауырсынады. Табанды еңбек еткен адам ғана жетістікке жететінін ұмытпаған жөн, – дейді ол.

Келелі кездесуге келген келесі қонақ – Қуанышқұл Жұмабекова. Ол ауыл поштасында оператор, мұнан бөлек емханада гүл өсіруші болып жұмыс жасаған. Гүл өсіру ісіне анамыз бала күнінен жақын болыпты.

Жасы жетпіске келсе де жанына жақын істен қол үзбеген анамыз бүгінде есігінің ауласына өртүрлі гүлдер егіп қойған. Сондай-ақ бау-бақшасына жүзім, алма, өрік еккен ол жылда соның жемісін көріп, нәмерелеріне бақша дақылдары мен гүлдерді қалай баптау керектігін үйретіп келеді.

Мұнан бөлек кейіпкеріміз – қолөнер шебері. 9 жасында нағашы әжесінен тігін тігу ісін үйреніп, содан бері тұрақты айналысып келеді. Қолы қалт етіп босай қалса, ауласындағы гүлдері мен бақшасын баптап, нәмерелеріне өз қолымен киім тігуді де әдетке айналдырған.

– Анамыз бізді ерте еңбекке баулыды. Ал нағашы әжем қолөнерді жанымызға серік етті. Сондықтан болар, тұрмысқа шыққанда қолөнер бұйымын жасауда еш қиналған жоқпын. Үйге қажетті көрпелершептерді, кейлек, жейделерді өзім тігетінмін. Қанша жыл өтсе де, қолымнан құрал-сайманын түскен емес. Бүгінде балаларыма, нәмерелеріме керекті кей киім-кешектерді өзім тігіп беремін. Анам секілді мен де қыздарымды ерте еңбекке баулып, олардың да қолынан іс келетін жан-жақты болуы үшін бар білгенімді үйреттім, – дейді анамыз.

Айта кетейік, бүгінде отасқандарына жарты гасырға жуықтаған қос бәйте-ректің 5 қызы бар. Бүгінде олардан тараған 15 нәмере, 1 шөбере сүйіп отыр.

Кездесу барысында Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің бас маманы Дәурен Ибраев пен Жалағаш ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшесі, ауылдық ардагерлер кенесінің төрағасы Қабаланбек Нұрмағамбетов құттықтау сөз сөйлеп, еңбек адамдарының өмір жолы жастарға үлгі екенін тілге тиек етті.

Сондай-ақ кейіпкерлерімізге республикалық «EL QURMETYU» қоғамдық қорының, аудандық ардагерлер ұйымының, және ауыл әкімінің алғыс хатын табыстап, кеуделеріне «Еңбек ардагері» медалін тақты.

Саналы ғұмырын еңбекке арнап, туған жеріне қалтқы қызмет еткен кейіпкерімізге арналған тағылымды кеш мұнан әрі ауыл өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты. Бұл кеш – ұрпақтар сабақтастығын нығайтып қана қоймай, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған тағылымды шара. Себебі еңбек адамдары қашанда қоғамның мақтанышына айнала бермек.

Алаш қайраткері Әлімхан Ермеков

Бүгінгі қазақ елінің егемендігі жолында ХХ ғасырда саяси күреске саналы ғұмырын арнаған, алаш алыптарының алдыңғы қатарында шоқтығы биік, көкірегі ояу, зялы қауым өкілі, қазақтың алғашқы математигі, профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермеков болатын. Ол 1891 жылы Қарқаралы уезі Темірші болысының №1 ауылында ауқатты малшының отбасында дүниеге келген. Атасы Ермек Жиенбаев ұзақ жыл болыс болған. Әкесі Әбеу Ермеков осы қызметке төрт мәрте тағайындалған. Қызметтегі адалдығы мен жауапкершілігі үшін 1885-1895 жылдары ІІ және ІІІ санатты «Құрмет» шекпеніне лайық деп танылған.

1899 жылы әкесі Әлімханды Қарқаралыға оқуға әкелді. Бала ол тұста орыс тілін білмейтін. Білім жолының жүгі ауыр. Сондықтан болар, Г.Есютин, Н.Корин, А.Захаров, И.Кожев, И.Соловьев сияқты оқытушылардың, заң мұғалімі А.Шестаков, инспектор Ф.Брутаң, пошта басшысы А.Пономорев, фельдшер А.Завялова, училищеге жиі келетін уез басшысы Альфред Киничтің есімі бала Әлімханның жадында қалған. Әлімхан Қарқаралыда жер аударылған журналист, «Митрич» деген бүркеншік атпен жазатын Владимир Соколовпен танысады. Олар бір үйде қатар тұрды. Соколов жас Әлімханға орыс тілін үйренуге көмектеседі. 1905 жылы Соколов пен Ермеков Қарқаралыдан кетіп, Семейге барады. Бірінің жер аударылған мерзімі аяқталса, екіншісі ерлер гимназиясына оқуға түседі. Ол Семейде Ахмет Байтұрсын, Жақып Ақбаев, Әліхан Бөкейхановпен танысады. Сонда Григорий Потанин туралы біледі.

Семей гимназиясын Ә.Ермеков 1912 жылы алтын медальмен тәмамдайды. Томск технологиялық институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Томскіде Г.Потанинмен танысады. 1913 жылы Ә.Ермеков «Қазақ» газетіне алғашқы жазбасын жолдайды. Ол 1913 жылдың 8 мамыры күні жарық көреді. Сондай-ақ 1916 жылы 8 қазанда жарияланды. Ал 1917 жылы 22 шілдеде оның есімі «Сарыарқа» журналында басылған болатын.

Ресейде 1917 жылы революция болғанда ол Технологический институтын 5 күрсында оқып жүріп, саяси жұмыстарға белсене араласады. 1917-1920 жылы ол қоғамдық ұйымдардың атқару комитетіне, жұмысшылар, сарбаздар, қырғыз және крестьяндик депутаттар кеңесі атқару комитеті президенті мүшесінің, Кирвоенробкомға, жалпықырым халық кеңесі мен губерномкаға мүшелікке сайланады. Осы жылдары Семейдегі облыстық мұғалімдер курстарында математика пәні оқытушысы болып қосымша қызмет атқарды.

Әлімхан Әбеуұлы Қазақстанда мемлекеттік құру үшін күресті. Ол тұста қазақ ұлтының патриоттылығы жоғары болды. Кеңестердің жақтаушылары да, «Алаш» ұлттық партиясының ұстанымын жақтаушылар да ел арасында еді. Егер лениндік типтегі күрескер-революционерлер жайлы көп жазылса, өзге партиялардың іс-әрекеті туралы жазу Ресей империясындағы жағдайды бейтарап бағалауда аса маңызды болмады. Ахуал жедел өзгеріп отырды. Мұны «Дело» газетінде қыркүйек-қазан айларында жарық көрген хабарламадан анық аңғаруға болады.

Ә.Ермеков ревком құрамында болған. Ревком бір-ақ апта өмір сүріп, 3 қазанда Құрылтайшылар кеңесіне сайланады. «Алаш» партиясының өкілдері Сібір және Түркістан автономиясы, қазақ-қырғыз автономиясы, милиция, Ұлттық кеңес, оқу-ағарту ісі, қазынашылық, сот, ауыл өкілділігі сияқты мәселелерді көтереді. Осы орайда Алашорда үкіметі Союзаркоммен байланыс орнатты. Келіссөздердің нәтижесін «Абай» журналының редакторы Жүсіпбек Аймауытов жариялады.

«Қуаныш құтты болсын! Журналымыз басылып қойғаннан кейін мынадай ауынысты хабар алып, төңкіде, билікке сусаған алаштың ауылын қуанталық журналдың тысына осы хабарды асығып басып отырмыз. 20 наурыз күні Мәскеудегі Кеңес өкіметінің басшысы Ленин мен народный комиссар Сталиннен Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов атына телеграмма келді.

Әр халықтың өз білігін өзіне береміз деп шашқан закон-жарлығымыз өлі сол қалпында, айтқанымыз айтқан. Сіздердің өкілдеріңіз бізге өкеліп тапсырған жалпы қазақ съезінің қаулысын түгелімен қабыл аламыз, жалғыз Ә.Бөкейхан Кеңес өкіметін танысаңыздар. Енді біздің билік береміз деген сөзімізді іске асыру керек. Ол жердегі тұрған өкіметіңіздің бірінгі сөзді шақырып, автономияны жария қылу жолында болатын комиссия жасаныңыздар. Қазақ қамқорлары тезінен комиссиясы жасап, автономиясын жария қылуға асыға берілеміз. Енді бір ниет, бір тілектегі адамдармен ақылдасып, байлаған сөздеріңізді бірлігіңіз деп Ленин, Сталин қол қойған.

Мәлім болғандай, Кеңес үкіметі құрмет көрсете отырып, «Алаш» партиясы мүшелеріне кеңшілік көрсетіп, жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Жұмысшы-шаруалардың мүддесін М.Әуезов, М.Саматов, С.Арганчев, А.Байтұрсын, Ә.Ермеков және басқа да зиялылар қорғады. Міне, бұл туралы Әлімхан Әбеуұлының жазбасы осылай дейді.



«Биліктің губерниялық органын құруды ұйымдастыру үшін 1919 жылдың желтоқсан айында Омскіден Семейге Сибревком мүшесі Косарев келді. Бұдан кейін Косаревтің ұсынысымен Ермеков гуревком құрамына сайланды...»

16 ақпанда Ермековке білім, жер және заң бөлігін басқару жүктелді. 6 сәуірде Ә.Ермеков халықтар соттары губернатордың мүшесі қызметіне тағайындалды. 16 сәуірде Д.Сәрсеновпен бірге Қырғыз өлкесі жоғары билігінің қарамағына Орынборға жіберіледі.

Қазақстан-Ресей шекарасы туралы мәселе 1919 жылдан бастап түрлі жиындарда бірнеше мәрте қаралған. Кирвоенревком төрағасы С.Пестковский бекіткен осындай бір жоба 1920 жылдың тамызында Мәскеуде қаралды. Жиньга Қазақстанның өкілі ретінде Ә.Ермеков қатысқан. Шекараны тапқылау мәселесінің барысы туралы Әлімхан Әбеуұлының жазбасында былай делінген:

«Мәскеудегі 4 ай жұмыс мерзімінде Кирвоенревком мүшелерімен үнемі байланыс жасадым. Автономиялық республика құрылымы мен оның шекарасын белгілеу туралы қажетті нұсқаулықтар алдым. В.Лениннің басшылығымен өткен отырыста Қазақстанның орналасуы туралы баяндама жасадым. Маған дейін Түрік республикасының орналасуы туралы Туркомиссия мүшесі Сафаров ақпарат берді. Ол жер мәселесі жөніндегі реформаны жүзеге асыруды талап етті...»

1920 жылдың тамызы қазақ халқы үшін шын мәніндегі тарихи ай болған. Осы айдың 17-сінде В.Лениннің төрағалығымен өткен Совнарком жиынында бірінші рет Автономиялық Қырғыз Совет Республикасы туралы шешімнің жобасы қаралды. 24 тамызда В.Ленин Автономиялық Қырғыз ССР туралы құжатқа қол қойды. 26 тамыз күні Қырғыз Автономиялық Советтік-социалистік Республикасын құру туралы құжат бекітілді. 1920 жылдың қазан айында Құжатбордағы Советтердің бірінші жалпықазақстандық съезінде Қазақ Советтік-социалистік Республикасы жария етілді.

Әлімхан Әбеуұлы кейін Қазақстанның Алтай шекарасымен, Коростелевс дала-сының шекара бөлісуде Семей және Ақмола облыстарын Қазақстан құрамына енгізуге қатысты. 3 ақпанда Барнауылға КирЦИК мүшесі Тоқтқинов, гүбисполком төрағасының орынбасары Ә.Ермеков және гүбисполком меңгерушісінің орынбасары Титов барды. Коростелевс даласын және Алтай өлкесінің 18 елді мекенін Семей облысының құрамына өткізу туралы мәселе көтерді. Ә.Ермеков қазақ жерін біртұтас республика құрамына қайта енгізуде маңызды рөл атқарды. Өз халқының патриоты, білгірі, көршілес елдермен түсіністігімізді терең білетін Ә.Ермеков тарихи сәттілік бел ортасынан табылды.

ЦИК жанындағы Қырғыз өлкесін басқару бойынша Әскери-Революциялық комитет өкілдігінің мұрағат қорындағы құжаттарда 1920 жылы 9 тамыздағы Өкілдік қызметкерлерінің тізімі көрсетілген. Алқа төрағасы – Әлімхан Ермеков.

Қарқаралыға қайта оралуы Ермековтің кең тыныстап алуына қажет болды. Қоғамдық жұмыстары қауырт болып, Технологиялық институттағы оқуын тәмамдауы да қажет болды. Әлімхан Әбеуұлы өзін кеңестік жаңа мектепте сынал көрмек болды. Сондай-ақ диплом қорғауға әзірленді. Жолға шығарында таны-мал сібір геологы М.Усов қатты сырқаттанып қалды.

Бірде Усовқа екі жас адам келді, бірі – тау-кен факультетінің студенті Әлімхан Ермеков және оның жары, жас дәрігер, Томск университеті медициналық факультетінің түлегі Ракия Шағабетдинқызы. Олар Михаил Антоновичті Қазақстанға жазғы демалысқа таза ауамен тыныстап, күш-қуат жинауға шақырды. 1921 жылы шілдеде олар Баянауылға табан тіреді. Мұнда Ермековтің досы, халық судьясы Қаныш Сәтбаев күш-жай қарсы алды.

Қарқаралыдағы тоғыз жылдық мектеп – білім берудің жаңа жүйесінің қарлғашы. Оқу орнының екі қабатты жеке ғимараты болғанымен, оқу құралдары, мұғалімдер

жетіспеді. Әлімхан Әбеуұлы Томск, Омск, Семей қалаларына барып, тәжірибелі мамандарды іздеп табады. Осылайша мектепте жұмыс істеуге Б.Винжик-Грудский, С.Кропанин, Д.Юринский, В.Колтыпін, Андрусович, И.Тарабаев, А.Рязанцева және өзге де мамандар келді. Кітапхана қоры да толығы түсті.

Осы мектеп қабырғасынан Қазақстан ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің тұтастай шоғыры шыққан болатын. 1923 жылы Ә.Ермеков Томскіде дипломдық жұмысын қорғайды. Ол «геолог-барлаушы» мамандығы бойынша тау-кен инженері дипломын алады. 1924 жылы 31 наурызда Ә.Ермеков А.Досовтың ұсынысымен Семей губерниялық жоспар комитеті төрағасының орынбасары болып бекітілді.

Ә.Ермеков геолог емес, жүрек қалауымен математик болды. Ол республиканың алғашқы жоғары оқу орындарында математика пәнін оқытып қана қоймай, математика кафедраларын құра, қазақ тіліндегі оқулықтарды әзірлеуге де ерекше атсалысқан. 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ жоғары педагогикалық институты жаратылыстану-математика факультетінің деканы және оқытушысы болды. 1928 жылы Алматы пединституты және Қазақ университеті математика кафедраларының доценті болды. 1930-1935 жылдары Алматы ветеринарлық-зоотехникалық институтында доцент, профессор, математика кафедрасының меңгерушісі болып абыройлы қызмет етті. 1935-1937 жылдары Алматы тау-кен металлургиялық институты жалпытехникалық факультетінің деканы, математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі, профессоры, 1926 жылы және 1929 жылы екі мәрте Қазақ ССР ЦИК-тің 6-7 шақырылымына мүшелікке сайланды.

Ермековтің абыройы математика саласында республикадан тыс жерлерде де жоғары болған. 1935 жылдың 5 қарашасында СССР ЦИК жанындағы Жоғары техникалық білім беру комитетінің Жоғары аттестациялық комиссиясы Ә.Ермековке профессор атағын беруді бекітіп және ғылым докторы ғылым дәрежесін қорғауға ұсынған. Әлімхан Әбеуұлы – қазақтың тұңғыш профессор-математигі.

1932-1936 жылдары Әлімхан Әбеуұлы ҚазССР Наркомтяжпромының тапсырмасына орай етезек мәселені қолға алған. Орта мектептердегі білім беруге қажет болғандықтан, қазақ тіліндегі математикалық терминологиялық сөздікті құрастырған. Қазақ тіліндегі жоғары математика оқулығы да қоса әзірленген. 1936-1937 жылдары профессор Ә.Ермековтің үш ғылым жұмысы жарық көрген. «Жоғары математика курсының» екінші бөлімі де әзірленді. Бірақ өңбегі жарыққа шықпады. 1966 жылы «Первая кузница инженерных кадров Казахстана» кітабы жарық көрді. Онда Қазақ политехникалық институтының 30 жылдық тарихы мен Ә.Ермековтің биографиясынан сыр шертілген.

1936-1937 жылдары Алматыға ғалымдарды құдалаудың толқыны жетті. Жиындарда сол кезеңнің ең жаттанды «халық жауы», «сатқын» деген сөздер жиі айтылды. Бұған қоса 1937 жылдың 2 тамызында Әлімханның немере епкесінің күлеуі Темірбек Жүргенов тұтқындалды. Ә.Ермеков өзіне тәннен қатерден қорғану үшін Мәскеуге жол тартты. РСФСР Мемлекеттік жоспарының бас басқармасы оны Құйбышев жоспарлау институтына математика және математикалық статистика кафедрасына меңгеруші етіп жібереді. Бірақ 1938 жылдың ақпанында Ә.Ермеков қамауға алынады.

Әлімхан Әбеуұлы Қарағандыға келгенде өзінің тұтқынға алыну себебін сұрағандарға СССР-дің бас әскери прокурорына жазап өтінішін оқытатын. Онда төмендегідей жазылған: «Хаттамада көрсетілген жаланың орынсыздығы соншалық, касациялық инстанция – Жоғарғы соттың әскери аққасы ІІД-нің Әскери Трибуналының шешімін қате деп тануына тура келді».

Ә.Ермеков 1947 жылы Воркута

лагерлерінде 9 жыл жазасын өтеп, Қазақстанға қайта оралды. Жұмысқа орналасуы үшін, Өзбек ССР ҒА мүшесі, профессор В.Романскийты ұсыныс жазды: «Мен Ермековті білімі терең, жан-жақты адам, адал еңбек иесі, көз келген ЖОО-да сабақ бере алатын білікті математик ретінде бұрыннан танимын. Ол докторлық диссертациясын қорғауға ерекше дайындалды. Менің ойымша, егер оған кейбір сыртқы жағдайлар кедергі болмағанда ол диссертациясын жазып шығушы еді».

Әлімхан Әбеуұлы Шымкент технологиялық институтына кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы болып орналасады.

Бірақ 1948 жылы 4 желтоқсанда Ермеков қайта қамауға алынады. Жабылған жала – 58 (1А), 58 (2) баптары бойынша жазасын өтеген тұлғалар СССР ІІМ шешіміне орай, қайта оқшауландырылады. Ермеков тағы жеті жылын Каска және Тайшета түрмелерінде өткізеді. Ақыры СССР Прокуратурасының ІІМ және КГБ-ның шешімімен 1955 жылы 7 наурызда Ә.Ермеков бостандыққа шығады. Тұрғылықты жері ретінде өзінің ұлы Мағауияның отбасы тұратын Қарағандыны таңдаған.

Мұнда Ә.Ермековке өмірді қайта бастау кезеңі туады. Математика саласындағы жүзеге аспаған еңбектерін қайта қолға алады. Қарағанды тау-кен институты математика кафедрасының доценті қызметін Әлімхан Әбеуұлы ұш-ақ жыл атқарды. Денсаулығына байланысты 67 жасында жұмыс орнынан кетті.

Хрущевтік жылымық жылдар революция жылдарындағы замандастар есімін қайта жаңғыртудың үміт отын жақты. Бірақ әдетінше тарихтың кейбір беттері жабулы күйінде қалды. Әлімхан Ермеков қуғынға ұшыраған қазақ зиялыларының ісінен ешбір қылмысты көре алмады. Жаза олардың жақындарын да айналып өтпеді. Әлімхан Әбеуұлының жары Ракия да 8 жылға оқшауланып, сол жылдарын Соловьевдегі орман кесу шаруашылығында өткізді. Ермековтің қарындасы Дәмеш Жүргенова да (1905-1990) зардап шекті. «Халық жауы» Темірбек Жүргеновтің әйелі ретінде 1938-1946 жылдары ҚарЛаг-та жазасын өтеді.

Әлімхан Әбеуұлы жасы ұлғайған шағында меуарлар жазуды қолға алды. Бірақ тым сирек жазды. Бүгінде профессор-математик Ә.Ермековтің мұрағатында химия және математика пәндерінен дерістер, автобиографиялар, В.Ленинмен кездесулері туралы естеліктері, түрлі жарияланымдары сақталған. Отызыншы-қырығыншы жылдары жойылуына байланысты фотосуреттері тым аз сақталған. Осы деректерді сақтап, жүйелеуде баласы-Мағауия Әлімханұлының еңбегі зор. Ол еке жолын куды. Профессор, геология-минералды ғылымдар докторы, ҚР ҒҒА корреспондент-мүшесі, КПТИ-де көп жыл бойы кафедра меңгерушісі болған.

Ермековтің есімі мен еңбегінің жаңғыруы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде тұспа-тұс келді. Қарағандыда және Қарқаралыда Әлімхан Ермеков атындағы көшелер бар. Политехникалық университет қабырғасындағы мемориалдық тақта оның осы оқу орнындағы еңбек жылдарынан сыр шертеді. Тақта 1993 жылы ашылған. Сондай-ақ Қарағанды қаласында Ленин көшесі №58 үш, 8 пәтер бар. Дәл осы мекен-жайда Әлімхан Әбеуұлы өмірінің жоғары танық қарсы алған. Тұрғылықты жері жайлы профессор өзін де ойлап тұрып, көзін қорғандар бұл сөзін жатқа айтып жүрген.

«Маған 58 статьяны 8 пунктпен жазды. Енді, үй мен пәтер де осындай нөмірлермен бұйырды. Өзіміздің өткенімді ұмытпауым үшін»

Ермеков өмірден өткен соң «1973 жылы мен «Простор» журналының редакциясына «Последнее путешествие Григория Потанина» тақырыбындағы очеркімнің бірінші нұсқасын өкеліп жіберді» деп жазған өз естелігінде Ә.Ермековтың университеттегі шақірті, ғалым Ю.Попов, Александр Смойленко ол очеркті бірден оқып шыққан. Очеркті ұнатты, бірақ «Алашорда» партиясының бұрынғы көсемі Ә.Ермековтің есімі мен өмірінің мақалада жазылуына күмәнмен қарады. Сөйтіп журналдың редакторы Иван Шуховца очеркті көрсетті де жағымды жаңалығын айтты. Журналдың сол жылы қараша айындағы нөміріне басылатынын өзгертпеді.

Очерк еш өзгеріссіз жарық көрді. Осылайша ол үлкен басылымдарға мақала жазудағы алғашқы қадамын жасады. Ол қуанды. Ал Шуховтың басына күн туды. «Халық жауы» Ә.Ермековтің студенттік өміріне дейін жарияланған журналға зиянды материалдар басылады деген кінә тағылды.

Шуховты ЦК-ға шақырды. Ол өзімен бірге түсіндірмелік жазбалар жинақталған папканы ала барыпты. Осылайша Иван Петрович журналда очеркті жарық көру себебін айқындап берді. Кейін Алматыға барғанда Самойленко мен Шуховпен жүздестірді. Танымал жазушының бірінші көруі еді. Мына сөздер жадында сақталды: – Жазыңдар! Мен Ермековті және сені қорғап сөйлеймін. Шыныққа күйе жақпаңдар. Тұрасың жазыңдар...»

Өлеңкерің ұлы, ҚРҒҒА корреспондент-мүшесі Мағауия Ермековна (1921-2006) ҚР ҒА ХМИ-де қызмет атқарды. Мағауия Әлімханұлы өз очеркін «Мой отец – Алимхан Абеуович Ермеков» деп атады.

2012 жылы тарих ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының бірінші орынбасары Ж.Қыдыралына «Знаменитые люди великой степи» сериясында Ә.Ермековтің өмірбаянын жариялады.


Біз Қарқаралы даласынан шыққан мемлекетшіл тұлғаның әрі математик ғалымның жеке касиетінің жарқын қырын ашудымыз керек. Қазақ бар жерде Алаш қайраткері, математик ғалым, алғашқы профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың есімі ұмытылмайды.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Тағылым

Мен соғыс және еңбек ардагері Амандәгері Тәжібек ағаны жетпісінші жылдардан бері білемін. Өйткені әкемнің жолын жалғап, үшінші фермада алты жыл шопан болып еңбек еттім. Ол кісі мал дәрігері болатын. Ол кезде жасы елуден асқан орта бойлы, бір аяғын сылтп басатын жұқалтап келген жігіт ағасы еді. Мал шаруашылығы мамандарымен бірге шопандарды аралап, қойларды көретін. Ауру, арық-турақ қойларды айырып алып, ферма орталығындағы изаляиторға апарып емдейтін. Күзгі күйек алу науқаны кезінде қой қашырым пунктінде осменатор болып қойларды қолдан ұрықтандыру жұмысын атқаратын. Арнаулы білімі бар білікті маман көктемде әр қойдан жоспарлы төл алу күзгі қой қашырым жұмысының сапалы атқарылуына тікелей байланысты екенін айтып, түсіндіріп отыратын. Шынында, Тәкең өзіне жүктелген жұмысты үлкен жауапкершілікпен тыңғылықты атқарып шығатын.

Ерекше пулеметшілер құрамының жауынгері



Әңгіме арасында қазақ жауынгерлері мен бірге Ұлы Отан соғысына қатысып, Отан қорғағанын айтып, ауыр күндерді еске алушы еді. «Қырық жыл қырың болса да, ажалды өледі» дегендей, майдан даласында ол пен оқтың ортасында жаумен шайқасып жүріп аяғына қолына, басына бірнеше рет жараланып, әскери емханада емделіп, елге аман-есен жеткен қайсар жігітке қарап қайран қалатынымыз. Соғыс деген тажал қаншама жан қыршын кетті. Сұрапыл шайқас кезінде ол жау оғы тиіп, бірнеше рет ауыр жараланғанын аман қалды, көретін жарығы бар екен. Тек бір аяғын сылтп басады. Кейде көз алды қарауытып, басы айналады. Тіпті біз оның жұмыс барысында бірнеше рет есінен танып, құлап қалғанын көрдік. Соның бәрі атың өшір оғастың кесірі екен.

Дүниені дүр сілкіндірген сол сұрапыл соғысқа атанған ұш мыңға жуық жалағаштық жауынгер қатарында он сегіз жасқа толған Тәжібек ағамыз да аудандық әскери комиссар атқылы 1943 жылы мамырда шақырылды. Сол жылы 2-Украина майданының құрамындағы №31971 гвардиялық атқыштар полкінің ерекше пулеметшілер ротасында 6 айлық әскери оқу-жаттығудан өткен. 1944 жылдың маусым айынан 1945 жылдың мамыр айына өзінің гвардиялық ерекше пулеметшілер ротасының сапында жан алып, жан беріскен ауыр ұрыстарға араласып, жаумен шайқасады. Кескілескен шайқастардың бірінде басына жау снарядының жарқышығы тиіп, майдандық хирургиялық емдеу медициналық батальонында жатып емделеді. Осы жайлы майдангердің өзі ауылы Аққолқа елді мекенінде бірге жұмыс істеген Әбдіразақ Бекмұратұлына «Менің жарақатым емдеген ұлты еврей, әскери дәрігер майор шал «Сен осы майдандық санбақта түспегенде өліп қалатын едің» деп айтқан екен. Осының өзінен оның басынан алған жарақатының соншалықты ауыр болғанын байқауға болады. Әскери медициналық емдеу орнынан 2-топтағы мүгедек болып шығып, 1945 жылы Желтоқсан айында елге оралған.

Гвардиялық ерекше пулеметшілер құрамында Украина майданында жаумен шайқаста жанқиярлық ерлік көрсетіп, Германияға дейін жорық жолынан өткен жеңісті гвардияшы жауынгері Тәжібек Амандәгері соғыстан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында «Германияны жеңген үшін» медалын кеудесіне тағып оралса, кейін «Ұлы Жеңістің» 20, 30 жылдық, «КСРО Қарулы Күштерінің» 50, 60 жылдық жауынгерлік-мерекелік медальдарымен марапатталды.

Енді Тәкеңнің өмірі, еңбек жолына тоқталайық. Ол 1925 жылы 1 қаңтарда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық кеңесіне қарасты Қызыл диқан қолхозында дүниеге келген. Балалық шағын қиын-қыстау кезеңде өткізсе де, өз ауылындағы алғашқылардың бірі болып орта мектепте білім алған. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, елге жеңіспен оралған соң Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, мал дәрігері мамандығын алып шығады.

1950 жылы Мәдениет ауылында мамандығы бойынша еңбек жолын бастаған жас маман әрі қарай қызметін Жалағаш ауданында жалғастырады. 1970 жылы Жаңадария совхозы №3 ферма орталығы Аққолқа қоныс аударып, сол жақта мал дәрігері қызметін атқарды. Білікті маман алдын ала егу жұмыстарын жүргізіп, аурудың алдын алып, қоғамдық малдың аман сақталуы, өнімін молайтуға қажетті үлесін қосты. Мал шаруашылығын дамыту жолындағы жемісті еңбегі ескеріліп, «Ауыл шаруашылығының үздігі» төсбелігімен марапатталды.

Соңғы жылдары соғыстан алған жарақатына, денсаулығына байланысты фермада шаруашылық меңгерушісі, пошташы қызметін атқарды. Жұбайы тыл ардагері Дәрікул апай екеуі отбасында 2ұл 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұл-қыздары мен олардан тараған нәмерелері де ер жетіп, әр салада еңбек етуде.

Кейінгі ұрпақтың бейбіт өмір, жарқын болашағы үшін күресіп, тер төккен соғыс және тыл ардагері Тәжібек аға мен Дәрікул апаның артында өмір жалғасы ұрпақтары бар. Адам ұрпағымен мың жасайды деген осы шығар, сіре.

Қорыта айтқанда, зұлмат жылдарды басынан өткізіп, еңбекпен ерте есейген Тәкең ұзақ жыл мал шаруашылығында мал дәрігері болып қызмет етті. Одан кейін өзіне жүктелген жұмыстарды да үлкен жауапкершілікпен атқарып, өзгелерге ісімен үлгі болды. Оның өнегелі өмір жолы мен адамгершілік болмысы, жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталады.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер-журналист

Журналист басқа мамандықта

Жедел жәрдемдегі бір күн



Сағат тілі 16.50-ді көрсетіп тұр. Жедел жәрдем бөлімінің алдында тұрмын. Мұнда келудегі мақсатым – «Журналист басқа мамандықта» айдары аясында уақытпен санаспай, шіліңгір шілденің ыстығы мен қақаған қыстың аязына қарамай өзгенің өмірі үшін күресетін жедел жәрдем бөлімінің біркүндік жұмысымен танысу. Есіктен енгенімді байқаған облыстық медициналық денсаулық сақтау станциясының Жалағаш аудандық жедел жәрдем бөлімінің меңгерушісі Светлана Түлкібаева жылы шыраймен қарсы алып, бөлімнің тынысымен таныстырды.

Мұнда түнгі ауысым алдындағы қарбалас басталып кетті. Күндізгі кезекшілікті Замира Садуақасоваға баяндап жатқан диспетчер Айсауле Айкеева таңғы 8.00-ден бері қан қысымы, жүрек ауруы және басқа да диагноздар бойынша 15 науқастан қоңырау түсіп, 2-еуі ауруханаға жеткізілгенін айтты. Сондай-ақ 1 жол апаты орын алып, салдарынан бір адам қайтыс болған.

Ал фельдшерлер түнгі кезекшілікке келген әріптестеріне науқастарға жедел алғашқы көмек көрсетілгенін жеткізіп, дәрі-дәрмек салынған қобдиша мен медициналық аппараттарды тап-

сырды.

Жалпы біз табан тіреген жедел жәрдем бөлімі облыстық медициналық жедел жәрдем бөліміне қарасты. Бөлім меңгерушісі Светлана Алданышқызы мұнда 39 қызметкер барын айтады. Оның 2-еуі дәрігер, яғни 1 бөлім меңгерушісі, 1 аға фельдшер, 23 орта буын, 13 көлік жүргізуші мен 5 жедел жәрдем көлігі бар. Көліктердің барлығы қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Қоңыраудың барлығы облыс арқылы түседі. Түнгі кезекшілікте тұрғындардың саулығы үшін 3 бригада қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, жедел жәрдемнің қызметін көрсету радиусы 50 шақырымға дейін қаралған, яғни олар кент тұрғындарынан бөлек ауылдағы ағайынның да саулығы үшін алғашқы көмек көрсетеді.

Уақыт 17:13 болғанда диспетчер қызметінде отырған Замира Садуақасова Далдабай ауылы тұрғынының қанқысымы көтеріліп жатқанын хабарлады. Бұл хабарды есті салысымен 68-ші бригаданың бірі біз де дереу диспетчер бағыттаған мекен-жайға қарай бет алдық. Барсақ, карт аңызды күні бойы ауырып, дәрі-дәрмек қабыл-

даса да жағдай жақсармағанын айтты. Бүгінгі әріптесім Гүлбану Медеуова науқастың қанқысымын өлшеп, қосымша дәрі-дәрмек беріп, экг құрылғысы арқылы жүрек соғысын тексерді. Айтуынша, ол қанқысымы, қант диабеті сырқаты бойынша есепте тұрады. Науқас ақхалаттылардың көмегіне жиі жүгінеді. Бір күнде бірнеше рет жедел жәрдем шақыратын көздер жиі орын алады. Науқастың жағдайы бірқалыпқа түсіп, өзін жақсы сезінгенін жеткізгеннен кейін әріптесім екеуіміз бөлімге қайта бет алдық.

Бөлімге жетем дегенше фельдшер Гүлбануды өңімге тарттық. Ол – салада 25 жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Бүгінгі әріптесіміз жауапкершілігі мол мамандықты таңдағанына еш өкінбейді. Керісінше халықтың алғысын арқалап, батасын алуға асығады. 25 жыл ішінде аудан тұрғындарының мекен-жайын жауап алған ол науқастардан қоңырау түскен бойда диттіген жерін адалспай тез тауып барады. Тіпті кей тұрғындар жақын

туысындай болып кеткен. Оны жылы шыраймен қарсы алған науқастың туыстарының сөзінен аңғаруға болады.

– Күніне шамамен 10-нан аса науқасқа алғашқы көмек көрсетуге барамын. Одан көп болмаса, аз емес. Өзіңіз көргендей, егде жастағы науқастар қанқысымы, жүрек ауруы сырқаты бойынша шақырса, балалар арасында тұмау жиі орын алып тұр. Қазір балалар өте әлсіз. Бір жылда бірнеше рет тұмаумен қайта ауыратындар да бар. Жұмыс барысында әртүрлі қиындықпен бетпе-бет келеміз. Әдеттегідей кезекшілік күнінің бірі, сағат таңғы 7:30 шамасы. Кезекшілікті әріптестеріме өткізуге дайындалып жүргенде диспетчер бір әйелдің қатты басы ауырып жатқанын айтып, алғашқы көмек көрсетуге дереу жолға шығып кеттік. Барсақ, әйелдің аяғы ауыр, толғатып жатыр екен. Дерек жедел жәрдем көлігіне салып, перзентхана бөліміне алып келе жатқанда ауруханаға жетпей жолда босандырып алуға тура келді. Қанша қорықсам да жауапкершілігімде бір емес, екі адамның өмірі тұрғандықтан қолымнан келгенше көмек көрсеттім. Жас ана өмірге шексіз торсықтай үл өкелді. Жолдасының айтуынша, бұл сәби 6-шы ұлдары екен. Аман-есен жанын алып қалғаны үшін маған бар алғысын айтып, есімім қоюға да қолқа салған болатын, – дейді Гүлбану Қасқырбайқызы.

Әріптесіміз мұнан бөлек кезекшілік барысында тағы да 2 сәбидің өмірге аман-есен келуіне өз септігін тигізіп, аналардың алғаусыз алғысына бөленген. Қазіргі таңда өз қолыммен босандырып алған балалар үлкен өмірге қанат қағып, жоғары оқу орындарында білім алып жатқанын айтады. Ата-аналары әлі күнге дейін кейіпкерімізді көріп қалса, «кезінде өзін босандырып алған бала қазір осындай жетістікке жетті, бұйырғанда, тойында төрден орын аласың» деп қуанышты хабарымен бөлісіп жүреді.

Әріптесімізбен сұхбат құрып, бөлімге кіргеніміз сол еді, диспетчер алай тағы да шақырту түсіп жатқанын хабарлады. Бұл жолы 114-ші бригада қызметкері Сауле Қабылбаевамен бірге дене қызуы көтеріліп жатқан кішкентай балаға алғашқы көмек көрсетуге бардық. Анасының айтуынша, баланың ауырып жатқанына бірнеше күн болған. Үй жағдайында жүргізілген ем шарадан ем қонбай, керісінше асынып бара жатқанын айтады. Баланың дене қызуын өлшеп, екі сағат ішіндегі температура өзгерісін бақылауда ұстады. Әріптесім жүргізілген емнен кейін бала өзін сергек сезініп, асқа тәбеті ауды. Осылайша ана алғысын арқалаған әріптесім екеуіміз бөлімге қайта бет алдық.

15 сағатқа созылған түнгі кезекшілікте 68-ші бригада фельдшері Гүлбану Медеуова, 114-ші бригада фельдшері Сауле Қабылбаева, және 67-ші бригада фельдшерлері Лаура Жарлықасынова, Бауыржан Сералиевпен бірге шақыру қоңырауы арқылы түрлі сырқат түрімен көмек сұраған 28 науқастың үйіне бардық. Олардың арасында қан қысымы мен жүрегі ауырған егде жастағы науқастарға, жүкті аналарға және 5 балаға алғашқы көмек көрсетілді. Сондай-ақ науқастардың арасында 1 жүкті келішек пен салқын тиген 5 науқас жедел аудандық ауруханаға жеткізілді.

Таңғы сағат 07:50. Бір күн әріптес болған ақхалаттылармен бірге жедел жәрдем бригадасын шақырған науқастардың медициналық қартасын толтырып, кезекшілікті басқа әріптестерге тапсырдық. Күндізгі кезекшілікке түсіп жатқан әріптестерге түнгі кезекшіліктің қиыншылығы туралы айтып жатқан өңімеміз кілт үзілді. Себебі кезекшілікті қабылдап жатқан диспетчер Ақбота Оспан аудан тұрғындарының бірінен қоңырау түскенін айтты. Осылайша науқастың денсаулығына алаңдаған фельдшер дәрі-дәрмек салынған қобдишасын ала жүріп, диспетчер хабарлаған мекен-жайға асығып кетті. Біз де сала мамандарымен бірге түнгі кезекшілікті аман-есеп аяқтап, әр минут үшін күрескен ақхалаттылардың адал еңбегінің күесі болдық. Олармен өткізген бір жұмыс күнінде сала мамандарына қандай құрмет көрсетсек те аздық етеді деген ой түйдік. Себебі олар өмір мен өлім арасында күресіп жатқан жандарға алғашқы көмек көрсету үшін тәулік бойы қызмет етеді, яғни өзгенің өмірі үшін өз өмірін қауіпке тігіп, саулығын күресуде. Жауапкершілік пен жанқиярлық ерлікті талап ететін бөлімнің біркүндік тынысы осындай.

Бөлімдегі бір күн

Дерт дендемесін десек...



Бүгінде аудандық ауруханадағы жұқпалы аурулар бөліміне жедел ішек инфекциясы, ЖРВИ және тұмау сырқатымен түсіп, ем алып шыққан тұрғындар көп. Мұнан бөлек мұнда жыл басында қызылша дертімен ауырғандар қатары артқан. Бөлімдегі науқастардың қазіргі хал-ахуалы қалай, дерт дендемес үшін не істеу керек деген сауалдың түйінін тарқату үшін апта басында бөлімге арнайы аялдап, тынысымен таныстық.

Ең алдымен бөлім меңгерушісі инфекциясын дәрігер Айгерім Иманмырзаевамен бірге палаталарды аралап шықтық. Мұнда ем алып жатқан науқастардың басым бөлігі – балалар. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, бүгінде мұнда 13 науқас ем алуда. Оның 11-і – 14 жасқа дейінгі бала.

Білікті дәрігер мұнда науқастар күндіз-түні түрлі сырқатпен келетінін айтады. Олардың басты мақсаты – ауруы асқынғандарға шұғыл көмек көрсету. Мұнда көбіне тұмау, ұстама, жедел ішек инфекциясы сынды сырқатпен күніне орташа есеппен 5-6 науқас түседі.

Ол әсіресе қазіргі кезде балалар арасында тұмау өршіп тұрғанын айтады. Көбіне мұнда сырқаты үй жағдайында емдеуге келмей, ауруын асқындырып алған 5 жасқа дейінгі балалар түседі. Білікті маман оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар өте жиі ауыратынын айтады.

– Күніне бөлімге 5-6 науқас түседі. Оның басым көпшілігі тұмаумен ауырып жатқандар. Қолымыздан келгенше барлық науқасқа бірдей қарап, шұғыл көмек көрсетуге, жазылып шығуына жағдай жасап жатырмыз. Қазір 20 тәсек орын бар. Бірақ кейде бір мезгілде мұнда 30-40 науқас ем алатын көздер де болады. Сондай сәттерде палаталарға қосымша тәсек орын қосамыз. Себебі «бізде тек 20 тәсек орын бар» деп қарап тұра алмаймыз. Кез келген науқастың ауруын асқындырмай, толық тәуір болғанша ем алуын қамтамасыз етеміз, – дейді бөлім меңгерушісі.

Айта кетейік, бөлімде 1 дәрігер, 1 аға мейрбіке, кейіпкерімізден бөлек 4 мейрбіке мен 6 кіші аяғаш, 1 шарашылық аяған мен 1 ас таратушы бар. Жұқпалы аурулар бөліміндегі

жұмыс ауыр, жауапкершілік жоғары. Мамандар мұнда науқастарды емдеуден бөлек оларға толық күтім жасайды. Тәулік бойы науқастардың жанында болып, олардың бойындағы қандайда бір өзгерісті байқаса, дереу дұрыс шешім қабылдауға тырысады.

Бөлім меңгерушісінің айтуынша, мұнда былтыр 1301 науқас ем алып, жазылып шыққан. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі бала саны 956 болса, оның 201-і – 1 жасқа дейінгі нәресте. Мұнан бөлек 79 жүкті келішек бөлім қызметкерлерінің көмегіне жүгінген Науқастардың басым көпшілігі, яғни 924-і ЖРВИ-мен түскен. Ал жедел ішек инфекциясы бойынша 315 науқас ем қабылдаған.

Енді бөлімнің жыл басынан бері тынысын тарқатайық. Жауапты дәрігердің сөзінше, мұнда 1 тоқсанда 230 науқас түскен. Оның ішінде 41-і ересек адам болса, 14 жасқа дейінгі бала саны – 189. Оның 46-сы – 1 жасқа дейінгі сәби. Сондай-ақ 5 жүкті ана ем қабылдаған.

Дәрігердің айтуынша, былтыр бөлімде қызылша дертімен тіркелген науқастар көп болған. Иә, қызылша – инфекциялық жұқпалы ауру. Көбінесе балаларда жиі кездеседі. Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жетелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілпекімен сыртқы ортаға тарайды. Қазір еліміз бойынша бұл сырқат түрі – ең өзекті мәселе. Себебі ол жылдам жұғып, тез таралуда.

Дәрігер бұл дерт өлі дендеп тұрғанын былтыр бөлімде 42 науқас ем алғанын айтады. Өкінішке орай өткен жылға қарағанда биыл аталған дертпен ауырған науқастар қатары едәуір артқан. Нақтырақ айтсақ, жыл басынан бері 55 науқас жазылып шыққан. Оның 49-ы – 14 жасқа



дейінгі бала. Оның ішінде бір жасқа толмаған балалар да бар. Осы ретте дәрігер, тұрғындарға уақытылы еkle алуға кене берді. Бұрын кішкентай нәрестелерге бір жасқа толғаннан кейін қызылша дертінің алдын алу үшін еkle салынған. Ал қазір дерттің алдын алу мақсатында сәбилерге 9 айлығынан бастап еkle алу жұмыстары жүргізілді.

Жалпы былтыр облыс бойынша 729 кене шағу жағдайы тіркеліп, науқастар 14 күн бойы медициналық бақылау жүргізілген. Ал ауданда бұл инфекциямен 2 науқас тіркеліп, жазылып шыққан. Ал кене риккетсиясының 3 жағдайы тіркелген.

Биыл эпидемиологиялық маусым басталғалы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы күдігі бойынша өзге өңірлерде бірнеше жағдай тіркеліп үлгерген. Ал бөлім меңгерушісі ауданда кене арқылы жұғатын аса қауіпті жұқпалы инфекциялар бойынша ешқандай науқас түспегенін айтады.

Жалпы кез келген жұқпалы дертке салғырт қарауға болмайды. Білікті дәрігер тұрғындарды қарапайым сақтық шараларын сақтап, денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырды. Аурудың алғашқы белгілері байқалған сәтте медициналық көмекке жүгіну арқылы дерттің дендетпеге болатынын естен шығармағанымыз жөн.

Бетті дайындаған Сезім НҰР